

Аягөз ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2018 жылғы 9 ақпандағы № 19/136-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 23 ақпанда № 5491 болып тіркелді

ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі,
27.02.2018 ж.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1-бабының 1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 10030 болып тіркелген) сәйкес, Аягөз аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аягөз ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы Б. Кусагов

Аягөз аудандық

мәслихат хатшысы С. Искаков

Аягөз
аудандық
мәслихатының
2018 жылғы 9
ақпандағы
№ 19/136-VI

Аягөз ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу
және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объект	Есептік бірлік	Нормасы, жылына 1 есептік бірлік куб метрге
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	1,50
	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,60
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,08
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,75
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,29
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктірі, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,11
6	Емханалар	1 адам	0,0005
7	Ауруханалар, санаторийлер, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек - орын	1,30
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,12

9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 орын	1,60
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойын автоматтарының залы	1 орын	0,03
11	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңы 1 мІ	0,06
12	Стадиондар, спорт алаңдары	жоба бойынша 1 орын	0,008
13	Спорт, би және ойын залдары	жалпы алаңы 1мІ	0,08
14	Азық-түлік дүкендері	сауда алаңы 1мІ	1,06
15	Машиналардан сату	сауда орны 1мІ	0,30
16	Өнеркәсіптік дүкендер, супермаркеттер	сауда алаңы 1мІ	0,24
17	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	сауда алаңы 1мІ	0,18
18	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1мІ	0,18
19	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1мІ	0,17

20	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	жалпы алаңы 1мІ	0,14
21	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	жалпы алаңы 1мІ	0,18
22	Дәріханалар	сауда алаңы 1мІ	0,26
23	Автотұрақтар, автомобиль жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	3,26
24	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,30
25	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0,26
26	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	2,61
27	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы алаңы 1мІ	0,26
28	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1мІ	0,78
29	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	5,21

30	Моншалар, сауналар	жалпы алаңы 1мІ	0,33
31	Ауданның аумағында жаппай іс- шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	0,15